

8D01301-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Каримова Гулим Сайлаубековнаның «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Осы орайда, Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді. Сонымен қатар, Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – білім беру мекемелерінде көптілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Бұл бағытта, диссертант Каримова Г.С. орындаған зерттеуінде, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі заман өркениетінің талабы. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту болашақта оқушылардың білімінен экономикалық қайтарымды жоғарылатуы мүмкін, ал бұл құзыреттілікті қалыптастырмау олардың білімдерінің төмендеуіне, нәтижесінде оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге әкелуі мүмкін деген тұжырым жасаған.

Автор тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге, заңнамалық және нормативтік құжаттарға жасалған талдаулар, сондай ақ, зерттеу мәселесін талдауға арналған материалдарға жүргізілген экскурс мәселенің теориялық зерттеулердегі және тәжірибедегі қазіргі таңғы жағдайын саралай келе, аталмыш мәселе бойынша қазіргі уақытқа дейін арнайы зерттеулер жүргізілмегенін, тек қана оның кейбір аспектілері қарастырылғандығын атап өткен. Соның негізінде, **қарама-қайшылықтарды анықтаған:**

- бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған педагогикалық негіздердің жеткіліксіздігі мен мемлекеттік саясаттың талаптары арасында қарама-қайшылықтар;

- шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікті бастауыш сыныптан бастап қалыптастырудың қажеттілігі мен «бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының және оның компоненттері жайлы ғылыми тұрғыдан бірегей, ортақ анықтама мен жіктеудің болмауының арасындағы қайшылықтар;

- білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда цифрлық оқыту контентін қолданудың қажеттілігі мен бұл мәселенің теориялық және әдістемелік негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі және арнайы әдістемелік құралдармен жеткіліксіз қамтамасыздандыру арасындағы қарама – қайшылықтар;

- бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мәселесін шешуіндегі шетел, ресей және отандық оң тәжірибені анықтау қажеттілігі және осы саладағы зерттеудің практикалық жағының аздығы арасында қарама – қайшылықтар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде «коммуникативтік құзыреттілік», «шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымының мәні нақтыланып, «бастауыш сынып оқушысының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігі» түсінігіне авторлық анықтамасы берілді;

- бастауыш сынып оқушыларының білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды;

- бастауыш сынып оқушыларының білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалды;

- бастауыш сынып оқушыларының білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны таңдалып, әдістемесі әзірленді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бойынша даярланған кешенді оқу – әдістемелік құралы МЕОО «Erfolg» және КММ «№66 мектеп – лицейі» мектептерінің оқу үдерісіне ендіріліп, ГЗЖ нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу бойынша 2 акт құрастырылды.

- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасы» атты әдістемелік нұсқаулық («6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне, бастауыш мектептің ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған);

- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» атты электрондық оқу құралы (авторлық құқық № 15435, 2021 ж. 24

ақпан; «6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне, бастауыш мектептің ағылшын тілі мұғалімдеріне, бастауыш сынып оқушыларына арналған);

- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты электронды интерактивті тапсырмалар жиынтығы (авторлық құқық № 20352, 2021 ж. 21 қыркүйек; «6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне, бастауыш сынып оқушыларына арналған);

- «Білім беруді цифрлық трансформациялау және ҚР цифрлық оқу контентін жасау» атты ЖББМ мұғалімдеріне, оқытушыларға, магистранттар мен докторанттарға арналған онлайн семинар өткізілді (21.01.2022, 15.00);

- білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бойынша даярланған кешенді оқу – әдістемелік құралын Максим Танк атындағы БМПУ - нің біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының (Белоруссия, Минск қаласы) «Шетел тілі» мамандығы бойынша қайта даярлау бағдарламасына енгізілді (ГЗЖ нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу бойынша АКТ, 17.02.2022)

Диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Жұмыс тақырыптың өзектілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, содан кейін зерттеу нәтижелері мен қорытындылары беріліп, зерттеу болжамы мен қойылған міндеттердің шешімдерімен аяқталады.

Атап өтетін бір жайт, ол тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына негізделіп, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндіктері қарастырылғандығы.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмысты жүзеге асырудың талаптарына сай, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізінде жатқан зерттеудің әдіснамалық базасына құзыреттілік, іс-әрекеттік, іс – әрекеттік технологиялық, цифрлық дәуірде педагогиканы қайтадан зерделеу, интеграциялық, жобалау – модельдеу сияқты тұғырларға сүйене отырып, диссертант бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыстың мақсатын, мазмұнын, әдістері мен нәтижелерін анықтаған.

Осының негізінде, жұмыста сипатталған статистикалық өңдеудің нәтижелері бастауыш мектепте экспериментал тобының білім алушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігінің көрсеткіштерінің жоғарылауы мен олардың оқу үдерісіне енгізілген авторлық кешенді оқу – әдістемелік құралдың арасындағы байланыстың тығыздығы мен өте жоғарылығын көрсетіп, авторлық кешенді оқу – әдістемелік құралдың тиімділігін дәлелдеген.

Ізденушінің ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген еңбектерінде қамтылған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны 16 еңбекте жарық көрді. Диссертация тақырыбы бойынша 3 оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Сонымен қатар, 1 мақала республикалық ғылыми – практикалық конференцияда, 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1 мақала Ресейлік ғылыми сілтемелеу индексіне (РГЗИ) енетін журналда, 4 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 2 мақала Scopus базасының деректер қорына енген шетелдік журналда жарияланды.

Қорыта келе, Каримова Гулим Сайлаубековнаның «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс болып саналады.

Осыған орай, диссертант Каримова Гулим Сайлаубековнаның зерттеу жұмысын 8D01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ресми қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Академик Е.А.Бөкетов ат.Қарағанды университеті бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, п.ғ.к., философия докторы Ph.D.



Ишанов П.З.

*Решайкина
Галина Каншир*

